

Сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы (2006 жылғы 1 мамырдағы)

Сақтандыру сыйлықақылары


Ағымдағы жылдың төрт айында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 2005 жылғы осындай кезеңдегі жиналған көлемінен 37,6%-ке көп болып, 30.686,7¹ млн. теңге болды.

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.05.2005ж.	01.05.2006ж.		1.05.2005ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
		Сомасы	үлесі %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	22 295,4	30 686,7	100,0	37,6
Міндетті сақтандыру	2 307,6	3 289,7	10,7	42,6
Ерікті жеке сақтандыру	2 393,6	3 286,0	10,7	37,3
Ерікті мүлдіктік сақтандыру	17 594,2	24 111,0	78,6	37,0

млн. теңге

Кестені қарағанда 2006 жылғы 1 мамырдағы міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 42,6%-ке өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю - 37,3%-ті, ерікті мүлдіктік сақтандыру бойынша – 37,0%-ті құрады.



2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандырудағы – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 64,1%-і (2 109,4 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша – 22,5% (740,2 млн. теңге),

¹ сомасы Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын шегерергенде, көрсетіліп отыр

тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша – 5,2% (171,1 млн. теңге), экологиялық сақтандыру бойынша – 3,9% (129,3 млн. теңге), қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша – 3,7% (120,4 млн. теңге) болды.

ерікті жеке сақтандырудағы – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 42,0% (1 381,9 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 28,3% (931,7 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 19,1% (629,2 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 8,1% (267,2 млн. теңге) болып келеді.

ерікті мүліктік сақтандырудағы - сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 45,3%-і (10 931,4 млн. теңге) (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша түскен, мүлікті сақтандыру бойынша – 20,6 (4 973,4 млн.теңге), басқа да қаржы шығындардан сақтандыру бойынша – 17,9% (4 310,2 млн. теңге), автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 5,9% (1 430,8 млн. теңге) болды.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:


Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі	1.05.2005ж.		1.05.2006ж.		1.05.2005ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
	Сомасы	үлесі %	Сомасы	үлесі %	
Сақтандыру салалары бойынша барлығы	22 295,4	100	30 686,7	100,0	37,6
Өмірді сақтандыру	335,3	1,5	896,4	2,9	2,7 есе
Жалпы сақтандыру	21 960,1	98,5	29 790,3	97,1	35,7

"Өмірді сақтандыру" саласы. 2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 896,4 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 2,7 есе көп. "Өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сыйлықақылардағы үлесі есепті күні 2005 жылғы 1 мамырдағы 2,9%-ке қарсы 1,5% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2006 жылғы төрт айында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 29 790,3 млн. теңге болды, бұл 2005 жылғы осындай кезеңге қарағанда 35,7%-ке артық.

Отрасль "общее страхование". Объем страховых премий, собранных за четыре месяца 2006 года по отрасли "общее страхование", составил 29 790,3 млн. тенге, что на 35,7% больше, чем за соответствующий период 2005 года.

Структура поступления страховых премий по отрасли "страхование жизни"



Структура поступления страховых премий по отрасли "общее страхование"



2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша өткен есепті күндермен салыстырғанда үлесі сақтандыру сыйлықақыларын жинау бойынша 57,3%-ті құрайтын 5 сақтандыру компаниялары-көшбасшыларының арасында бірқатар өзгерістер байқалды. Олардың ішінде: «Еуразия» СК» АҚ – 18,2%, "Қазақшөтсақтандыру" КШС" АҚ – 13,4%, «АТФПолис» СК» АҚ – 10,8%, «Алматы халықаралық сақтандыру тобы» СК» ААҚ - 8,2%, "Казкоммерц-Полис" СК" АҚ – 6,7%.

2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ҚР резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру компанияларының жинаған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 17,8% (5 623,5 млн. теңге) болып отыр.


Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 15 283,5 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 49,8%-і болды. Бұл ретте резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 45,5%-і берілді.

Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 940,3 млн.теңге боды. Бұл ретте резидент еместерден қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 97,0 млн.теңге болды.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	1.05.2005ж.		1.05.2006ж.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-пен	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-пен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	10 092,3	45,3	15 283,5	49,8
резидент еместерге	8 051,6	36,1	13 975,7	45,5
резиденттерге	2 040,7	9,2	1 307,8	4,3
Всего принято в перестрахование от нерезидентов	44,0	0,2	97,0	0,3

Структура страховых премий, переданных на перестрахование по странам



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 94,7% құрады. Міндетті сақтандыру бойынша – 3,2%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 2,1% болды.

Сақтандыру төлемдері

2006 жылғы төрт айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 9,7%-ке арта отырып, 3 488,8² млн. теңге болды. Сонымен бірге, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру жөнінде өтемақы есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 11,9% (415,7 млн. теңге) болып отыр.


Сақтандыру төлемдері	1.05.2005ж.	1.05.2006ж.		1.05.2005 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
		сомасы	үлесі %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	3 181,4	3 488,8	100,0	9,7
Міндетті сақтандыру	1 072,0	1 674,8	48,0	56,2
Ерікті жеке сақтандыру	438,0	449,9	12,9	2,7
Ерікті мүліктік сақтандыру	1 671,3	1 364,1	39,1	-18,4

1.05.2006ж. жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша төлемдер 62,5%-ті (1 046,8 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша төлемдер 28,2% (4 371,9 млн. теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша 85% болды.

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 68,5%-ін (308,2 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша түскен, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 16,4%-і (73,7 млн. теңге) және өмірді сақтандыру бойынша – 6,1% (27,5 млн. теңге) төлемдер болды.

ерікті мүліктік сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 35,7%-і (486,9 млн. теңге) басқа да қаржы шығындардан сақтандыру бойынша түскен, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 27,5% (375,3 млн. теңге), мүлікті сақтандыру бойынша – 22,8% (310,7 млн. теңге) болды.



² сомасы Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан қабылданған қайта сақтандыру шарттары бойынша жүзеге асырылған сақтандыру сыйлықақыларын шегерергенде, көрсетіліп отыр

2006 жылғы төрт айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру сыныбы бойынша сақталып, төлемдердің жиынтық сомасының 30,0%-і болды.

Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 39 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 4 - өмірді сақтандыру бойынша, 6 - Қазақстан Республикасының резидент еместерінің қатысуымен), 12 сақтандыру брокерлері, 30 актуарийлер және сақтандыру ұйымының аудитін жүргізуге лицензиясы бар 36 аудиторлық ұйымдар лицензиялық қызметті жүзеге асырды.

2006 жылғы сәуір айында Агенттік «Халық-Life» өмірді сақтандыру жөніндегі Қазшөтсақтандыру еншілес компаниясы» акционерлік қоғамына «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия берді.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.05.2005ж.	01.05.2006ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде	36	39
резидент еместердің қатысуымен	6	6
өмірді сақтандыру бойынша	2	4
Сақтандыру брокерлерінің саны	8	12
Актуарийлер саны	28	30
Сақтандыру ұйымында аудит жүргізу құқығына лицензиясы бар аудиторлық ұйымдардың саны	34	36

Есепті күнге 31 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

Капитал. 2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының есепті меншікті капиталының мөлшері 43 833,3 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күнімен (01.05.2005ж. – 26 215,0 млн. теңге) салыстырғанда 67,2%-ке көп болды.

2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 1 сақтандыру ұйымы меншікті капитал жеткіліктілігінің пруденциалды нормативтерін орындамады.

Қаржы көрсеткіштері	1.05.2005ж.	1.05.2006ж.	млн. теңге
			1.05.2005 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
Жиынтық активтер	50 856,8	85 181,6	67,5
Міндеттемелер	18 673,0	31 557,9	69,0
оның ішінде таза сақтандыру резервтері	12 762,4	24 763,7	94,0
Басқа да міндеттемелер	5 910,6	6 794,2	14,9
Меншікті капитал (баланс бойынша)	32 183,8	53 623,7	66,6

Есепті күнге резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру ұйымдарының жиынтық жарғылық капиталы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталының 2 547,9 млн.теңге немесе 9,9%-і болды, ал шетелдік капиталының үлесі төленген жарғылық капиталының жалпы сомасында 7,0% болды.

Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2006 жылғы 1 мамырда 85 181,6 млн. теңге болды, бұл 2005 жылғы 1 мамырдағы осындай көрсеткіштен 67,5%-ке көп, оның ішінде:



млн. теңге

Активтер	1.05.2005ж.		1.05.2006ж.		1.05.2005 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
	Сомасы	үлесі %	Сомасы	үлесі %	
Ақша	2 331,4	4,6	4 851,2	5,7	2,1 есе
Орналастырылған салымдар	8 655,6	17,0	12 340,1	14,5	42,6
Бағалы қағаздар	26 768,2	52,6	42 091,2	49,4	57,2
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	2 162,5	4,3	8 218,7	9,6	3,8 есе
Негізгі қаражат	6 068,8	11,9	8 912,1	10,5	46,9
Материалдық емес активтер	1 979,0	3,9	2 121,9	2,5	7,2
Басқа дебиторлық берешек	88,7	0,2	180,8	0,2	103,8
Басқа активтер	1 073,7	2,1	3 010,8	3,5	2,8 есе
Активтер жиынтығы	1 728,9	3,4	3 454,8	4,1	99,8
Итого активы	50 856,8	100	85 181,6	100,0	67,5

Жалпы алғанда, 2006 жылғы төрт айында сақтандыру ұйымдарының активтерінің сомасы 16,1%-ке (11 835,3 млн. теңгеге) өсті.

млн. теңге

Инвестициялық портфель	1.01.2006ж.		1.05.2006ж.		1.01.2005 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-пен
	Сомасы	үлесі %	Сомасы	үлесі %	
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары	21 077,1	38,2	22 752,3	36,3	7,9
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	12 907,9	23,4	12 340,1	19,7	-4,4
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	20 821,2	37,7	27 200,4	43,4	30,6
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	385,6	0,7	334,2	0,5	-13,3
ҚР резидент емес эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	-	-	22,9	0,04	-
Жиынтығы	55 191,8	100,0	62 649,9	100,0	13,5



2006 жылы төрт айында сақтандыру ұйымдарының инвестициялық портфелі құрылымындағы ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар үлесі 37,7%-тен 43,4%-ке дейін ұлғайды, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарының үлесі 23,4%-тен 19,7%-ке дейін кеміді, ал ҚР мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 38,2%-тен 36,3%-ке дейін кеміді.

Міндеттемелер. 2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы өткен жылдағы осындай күнмен салыстырғанда 69,0%-ке өсе отырып 31 557,9 млн. теңге болды.

Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша (қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып) қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін құрған сақтандыру резервтерінің көлемі 24 763,7 млн. теңге болды, бұл 2005 жылғы 1 мамырда қалыптасқан резервтер көлемінен 94,0%-ке артық. Есепті күндегі қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесі 18 293,2 млн. теңге болды.

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	01.05.2005ж.	01.05.2006ж.
ЖІӨ, млрд. теңге	7 453 ³	8 676 ⁴
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-пен	0,30	0,35 ⁵
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-пен	0,43	0,62
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-те	0,68	0,98
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	1 486	2 046

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

³ - 2005 жылға баға

⁴ - 2006 жылға болжамды деректер

⁵ - 2006 жылғы қаңтар-сәуір аралығында қабылданған сақтандыру сыйлықақылары